



"Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 27 сәуір N 572

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірісін және
айналымын мемлекеттік реттеу туралы

Осы заң мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірісі және айналымы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы заңда қолданылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңның мақсаттары үшін мынадай ұғымдар мен терминдер қолданылады:

1) "автомобиль жанар-жағар май құю станциясы" - көлік құралдарына жанар май құю үшін мұнай өнімдерін босатуды қамтамасыз ететін жабдықтармен жарақтандырылған, сондай-ақ автомобиль жанар-жағар май құю станциясын пайдалану жөніндегі қызметке қойылатын мемлекеттік стандарттар талаптарына және өзге де нормативтік-техникалық талаптарға сай келетін технологиялық кешен;

2) "бензин фракциясы" - тауарлық автомобильдік бензиндерге арналып заңнамамен белгіленіп бекітілген стандарттарының мәндерінен төмен октандық сандағы бензиннің құрамында бөлігі;

3) "дерекқор" - осы заңмен және өзге де нормативтік-құқықтық кесімдермен көзделінген тәртіпте қалыптастырылатын мұнай өнімдерінің өндірісі және айналымы жөніндегі дерекқор;

4) "компаундирлеу" - белгіленген сападағы тауарлық бензин алу үшін бензиннің екі немесе бірнеше компоненттерін араластыру;

5) "мұнай өнімдерін өндірудің ең аз көлемі" - мұнай өңдеу кәсіпорны ай сайынғы және жылдық орындау кестесіне сәйкес күнтізбелік жыл ішінде қайта өңдеуі тиіс мұнай немесе газ конденсатының кем емес көлемі;

6) "мұнай өнімдерінің айналымы" - мұнай өнімдерін сақтау және сату (экспорттық-импорттық операцияларды қоса алғанда);

7) "өндіріс төлқұжаты" - мұнай өңдеу кәсіпорнының негізгі сипаттамасын көздейтін белгіленген үлгідегі құжаты;

8) "автомобиль жанар-жағар май құю станциясының төлқұжаты" - автомобиль жанар-жағар май құю станциясының негізгі сипаттамасын қамтитын белгіленген үлгідегі құжат;

9) "сақтау қоймасының төлқұжаты" - мұнай өнімдерін сақтау қоймасының негізгі сипаттамасын қамтитын белгіленген үлгідегі құжат;

10) "мұнай өнімдерінің өндірісі" - мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес мұнай өнімдерін өндіруді қамтамасыз ететін жабдықтармен жарақтандырылған шикі мұнайды немесе газ конденсатын қайта өңдеу жөніндегі технологиялық кешен;

11) "мұнай өнімдерін сату" - экспорттық-импорттық операцияларды және автомобиль жанар-жағар май құю станцияларын пайдалану арқылы мұнай өнімдерін босатуды қоса алғанда сатып алу-сату, айырбастау, қайтарымсыз беру;

12) "мұнай өнімдерін сақтау қоймасы" - нормативтік-техникалық талаптарға сай келетін арнайы жабдықтармен жарақтандырылған мұнай өнімдерін қабылдауға, уақытша сақтауға және босатуға арналған жалпы пайдаланудағы тауарлық қойма;

13) "мұнай өнімдерінің қоймалық ғимараты" - мұнай өнімдерін сақтау үшін нормативтік-техникалық талаптарға сәйкес жабдықтармен арнайы жарақтандырылған және мұнай өнімдерін өндіру немесе автомобиль жанар-жағар май құю станциясын пайдалану технологиялық процесінде ажырағысыз элемент болып табылатын ғимарат;

14) "технологиялық регламент" - қолда бар жабдықтарды пайдалануды және технологиялық процесті сақтауды реттейтін мұнай өңдеу кәсіпорнының технологиялық құжаты;

15) "мұнай өнімдерін сақтау" - мұнай өнімдерін сақтау қоймаларында мұнай өнімдерін сақтау бойынша қызметтерді жүзеге асыру жөніндегі кәсіпкерлік қызмет түрі;

16) "автомобиль жанар-жағар май құю станцияларын пайдалану" - автомобиль жанар-жағар май станциялары арқылы көлік құралдарына жанар-жағар май құю үшін мұнай өнімдерін босату жөніндегі қызмет.

2-бап. Осы Заңның мақсаттары

Осы Заңның мақсаттары:

1) Қазақстан Республикасында ішкі рынокты қорғау және мұнай өнімдерін өндіруді дамытуға жәрдемдесу жағдайларын жетілдіру үшін мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу;

2) мұнай өнімдерінің өндірісін және айналымын мемлекеттік есепке алуды құқықтық қамтамасыз ету;

3) мұнай өнімдерінің өндірісін және айналымын реттеу саласында мемлекеттік органдардың құзыретін айқындау болып табылады.

3-бап. Осы заңның қолданылу аясы

1. Осы бап осы Заңның 2-тармағында келтірілген мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірісі және айналымы кезінде, соның ішінде және Қазақстан Республикасының аумағында көліктің барлық түрлерімен тасымалдау кезінде пайдаланылатын қатынастарды реттейді.

2. Осы заңмен реттелетін және бұдан әрі "мұнай өнімдері" деп аталатын мұнай өнімдерінің жекелеген түрлеріне: уайт-спирт, бензин, керосин, вакуумдық газойл, дизель отыны, мұнай коксы, мазут, пештік отын, битум жатқызылады.

4-бап. Қазақстан Республикасының мұнай өнімдерінің өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу жөніндегі заңнамасы

Қазақстан Республикасының мұнай өнімдерінің өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу жөніндегі заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңның нормалары мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдерінен тұрады.

5-бап. Мұнай өнімдерінің өндірісі және айналымын мемлекеттік реттеу

Мұнай өнімдерінің өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу:

1) мұнай өнімдерін өндіру, сақтау, тасымалдау және автомобиль

жанар-жағар май құю станцияларын пайдалану жөніндегі қызмет түрлерін лицензиялауды;

2) мұнайды (газ конденсатын) қайта өңдеудің ең аз көлемін белгілеуді;

3) өндірістің ең аз көлемін қамтамасыз ету бойынша мұнай өңдеу кәсіпорындарының қызметін үйлестіруді;

4) мұнай өнімдерінің экспорты мен импортын реттеуді;

5) мұнай өнімдерінің өндірісі және айналымы саласында мемлекеттік есеп жүргізуді ұйымдастыруды және жүзеге асыруды;

6) заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын шикі мұнайды қайта өңдеу жөніндегі қызмет көрсетулерге тарифтерді бекітуді;

7) мұнай өнімдерінің сапасына мемлекеттік бақылауды ұйымдастыруды қамтиды.

6-бап. Мұнай өнімдерінің өндірісі және айналымын реттеудің мемлекеттік жүйесі

1. Мұнай өнімдерінің өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеуді Қазақстан Республикасының Үкіметі мен мұнай өнімдерінің өндірісін және айналымын реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган (уәкілетті мемлекеттік орган) жүзеге асырады.

2. Өзге мемлекеттік органдар мұнай өнімдері өндірісінің және (немесе) айналымының жекелеген мәселелерін бұл органдардың осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заң кесімдерінде бекітілген құзыреті шегінде реттеуге қ ұ қ ы л ы .

2-тарау. Мұнай өнімдерінің өндірісі және айналымын реттеу жөніндегі мемлекеттік органдардың құзыреті

7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті
Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мұнай өңдеу саласын және мұнай өнімдері айналымын дамытудың мемлекеттік с а я с а т ы н б е л г і л е й д і ;

2) мұнай өнімдерін өндірудің ең аз көлемін белгілейді;

3) осы Заңмен және өзге де заң кесімдерімен бекітілген құзыреті шектерінде мұнай өнімдерінің өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу саласында нормативтік қ ұ қ ы к т ы қ к е с і м д е р қ а б ы л д а й д ы ;

4) Қазақстан Республикасының заң кесімдерімен көзделінген жағдайларда мұнай өнімдерінің Қазақстан Республикасына әкелінуіне арналған және Қазақстан

Республикасынан әкетілуіне арналған шектеулер мен тыйым салуларды белгілейді;

5) уәкілетті мемлекеттік органды белгілейді.

8-бап. Уәкілетті мемлекеттік органның құзыреті

Уәкілетті мемлекеттік орган:

1) өзінің құзыреті шектерінде мұнай өнімдерінің өндірісін және айналымын реттеу жөніндегі нормативтік-құқықтық кесімдер шығарады;

2) мұнай өнімдерін өндіруді, сақтауды, сондай-ақ автомобиль жанар-жағар май құю станциясын пайдалануды жүзеге асырушы тұлғаларға біліктілік талаптарды әзірлейді;

3) мұнай өңдеу кәсіпорындарының технологиялық регламентін нысан, мазмұн және тәртіп бойынша жүргізу талаптарын белгілейді;

4) өндірістің көлемі туралы мәлімет және (немесе) мұнай өнімдері айналымының және мұнай өнімдері өндірісін және (немесе) айналымын жүзеге асырушы тұлғалардың дерекқорына қажетті басқа да ақпараттарды берудің нысанын, мазмұнын, тәртібін және мерзімдерін белгілейді;

5) мүдделі мемлекеттік органдармен келісім бойынша мұнай өнімдерінің экспорты мен импортына квоталардың экономикалық негіздемесін әзірлейді;

6) мүдделі мемлекеттік органдармен келісім бойынша қорғау, демпингке қарсы және өтемақылық баждардың экономикалық негіздемесін әзірлейді;

7) дерекқорды жүргізуді жүзеге асырады;

8) өндіріс төлқұжатының, автомобиль жанар-жағар май құю станциясы

төлқұжатының, мұнай өнімдерін сақтау қоймасы төлқұжатының нысаны мен мазмұнын белгілейді;

9) басқа да құзыретті мемлекеттік органдармен бірлесіп мұнай өнімдері өндірісінің және айналымының технологиялық процестеріне қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылауды, сондай-ақ шығарылатын мұнай өнімдерінің сапасына бақылауды жүзеге асырады;

10) мұнай өңдеу кәсіпорындарында жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізудің өндірістік төлқұжатында көрсетілген мерзімдерін сақталуын келісуді және бақылауды жүзеге асырады;

11) өзге де құзыретті мемлекеттік органдармен бірлесіп мұнай өнімдерін сақтауға қойылатын талаптардың сақталуына бақылауды жүзеге асырады.

3-тарау. Мұнай өнімдерінің өндірісі және айналымы
саласындағы қызмет пен есептің жекелеген түрлерін
мемлекеттік реттеу

9-бап. Мұнай өнімдерін өндіруді реттеу

1. Мұнай өнімдерін өндіруді реттеу мұнай өнімдері өндірісін лицензиялау, мұнай өнімдерін өндірудің ең аз көлемін белгілеу, міндетті түрде өндірістің төлқұжатын және өндірістің техникалық регламентін жүргізуді белгілеу, өндірілетін өнімнің сапасын мемлекеттік бақылау, заңнамаларға сәйкес шикі мұнайды қайта өңдеу жөнінде қызмет көрсетуге тарифті бекіту жолымен жүзеге асырылады.

2. Өндірудің ең аз көлемі әрбір жеке мұнай өңдеуші кәсіпорын үшін тиісті күнтізбелік жылға Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен жыл сайын уәкілетті мемлекеттік органның мұнай өнімдерінің өндірісі және айналымы жөніндегі дерекқор мәліметтеріне сәйкес әзірленген ұсыныстарының негізінде белгіленеді.

3. Уәкілетті мемлекеттік орган өндірудің белгіленген ең аз көлемнің негізінде өндірудің ең аз көлемін орындаудың ай сайынғы және жылдық кестелерін әзірлейді және мұнай өндіруші кәсіпорынға жеткізеді.

4. Өндірудің ең аз көлемін орындаудың ай сайынғы және жылдық кестелерін әзірлеу кезінде, мұнай өңдеу кәсіпорындарының технологиялық регламентке және жабдықтарға ағымдық және күрделі жөндеу жүргізу, өндірісті қайта жаңғырту жоспарларына сәйкес жоспарлы тоқтатулар ескерілуі тиіс.

5. Мұнай өңдеу кәсіпорындары өндірудің ай сайынғы кестесімен белгіленген айлық көлемін мерзімнен бұрын орындауға және (немесе) асыруға құқығы бар. Бұл ретте өндірудің белгіленген айлық көлемінен асу мұнай өңдеу кәсіпорындарының міндеттемені орындау жөніндегі осының алдындағы есепті айларда құралған қарыздарын өтеуге есептеледі, бірақ мұнай өңдеу кәсіпорындарының жылдық кестеге сәйкес өндірудің келесі айының айлық көлемін орындау есебінен алынбайды.

10-бап. Мұнай өнімдерінің өндірісі және айналымы с а л а с ы н д а ғы л и ц е н з и я л а у

Мұнай өнімдерін өндіру және сақтау, сондай-ақ автомобиль жанар-жағар май құю станцияларын пайдалану Қазақстан Республикасының Лицензиялау туралы заңына сәйкес л и ц е н з и я л а у ға ж а т а д ы .

11-бап. Мұнай өнімдерін сақтауды реттеу

1. Мұнай өнімдерін сақтауды реттеу мұнай өнімдерін сақтау қоймаларында сақтау жөніндегі қызмет көрсетулер бойынша қызметті лицензиялау, міндетті түрде сақтау қоймасының төлқұжатын жүргізуді, мұнайды сақтау жөніндегі қызмет көрсетулердің

сапасын бақылауды белгілеу жолымен жүзеге асырылады.

2. О с ы З а ң ғ а с ә й к е с :

1) мұнай өңдеу кәсіпорындарының өзіндік немесе алыс-беріс шикізатынан олар өндірген мұнай өнімдері, сондай-ақ мұнай өнімдері өндірісінің технологиялық процесінің бөлінбейтін элементі болып табылатын және өндіріс төлқұжатымен және (немесе) осы мұнай өңдеу кәсіпорынының технологиялық регламентімен көзделген шикізаты қойма ғимараттарында бұдан әрі қайта өңдеу үшін орналастыруы;

2) автомобиль жанар-жағар май құю станцияларының мұнай өнімдерін автомобиль жанар-жағар май құю станцияларының технологиялық процесінің бөлінбейтін элементі болып табылатын және автомобиль жанар-жағар май құю станцияларының төлқұжатымен көзделген меншікті қоймалық ғимараттарына орналастыруы мұнай өнімдерін сақтауға жатқызылмайды;

3. Мұнай өңдеу кәсіпорындары осы мұнай өңдеу кәсіпорны өндірісінің төлқұжатымен және (немесе) осы мұнай өңдеу кәсіпорынының технологиялық регламентімен көзделген қойма ғимараттарында осы мұнай өңдеу кәсіпорнында одан әрі өңдеу шикізаты болып саналмайтын үшінші тұлғаға жататын мұнай өнімдерін сақтауға арналған тиісті лицензия алмайынша мұнай өнімдерін сақтау үшін қабылдауға қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

4. Автомобиль жанар-жағар май құю станциялары, олардың арасындағы жасалған шартқа сәйкес белгілі бір тұлғаның көлік құралдарына жанар-жағар май құю бойынша қызмет көрсету жағдайларын қоспағанда, автомобиль жанар-жағар май құю станцияларын пайдалану технологиялық процесінің бөлінбейтін элементі болып табылатын қойма ғимараттарында мұнай өнімдерін сақтауға тиісті лицензия алмай тұрып, үшінші тұлғаның мұнай өнімдерін сақтауға құқығы жоқ.

12-бап. Жанар-жағар май құю станцияларының қызметін реттеу

1. Автомобиль жанар-жағар май құю станцияларының қызметін реттеу жанар-жағар май станцияларын пайдалануды лицензиялау, міндетті түрде жанар-жағар май құю станцияларының төлқұжатын енгізу, көлік құралдарына жанар-жағар май құю жөнінде қызмет көрсетулердің сапасын бақылауды белгілеу жолымен жүзеге асырылады.

2. Автомобиль жанар-жағар май құю станцияларын пайдалануды жүзеге асырушы тұлғалар жанар-жағар май құю үшін меншікті көлік құралдарына да, үшінші тұлғаларға жататын көлік құралдарына да, соның ішінде үшінші тұлғаларға жататын мұнай өнімдерінің есебінен көлік құралдарына жанар-жағар май құю жөнінде қызмет көрсетуге жасалған шарттың негізінде, мұнай өнімдерін босатуға құқылы.

3. Автомобиль жанар-жағар май құю станцияларының технологиялық жабдығына автомобиль жанар-жағар май құю станциясының төлқұжатында көрсетілуі тиіс автомобиль жанар-жағар май құю станцияларының мұнай өнімдерін орналастыру үшін

қоймалық құрылыстары ажыратылмас элемент ретінде кіреді.

4. Мұнай өнімдерін өндіруді және (немесе) сақтауды жүзеге асырушы тұлғалар жанар-жағар май құю станцияларын пайдалануға арналған тиісті лицензия алусыз жанар-жағар май құюшылық қызмет көрсетулерді жасауға құқығы жоқ.

13-бап. Мұнай өнімдерін тасымалдауды реттеу

1. Мұнай өнімдерін тасымалдауды реттеу мұнай өнімдерін тасымалдау жөніндегі қызметті лицензиялау, мұнай өнімдерін тасымалдауға қойылатын талаптардың орындалуы үшін бақылау жолымен жүзеге асырылады.

2. Мұнай өнімдерін тасымалдау жөніндегі қызметті лицензиялау көліктің барлық түрлерімен қауіпті жүктерді тасымалдауды лицензиялау жөніндегі арнайы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Мұнай өнімдерін тасымалдауға қойылатын талаптардың орындалуы үшін бақылауды көліктің барлық түрлерімен қауіпті жүктерді тасымалдау саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын құзыретті орган жүзеге асырады.

14-бап. Мұнай өнімдерінің экспорты мен импортын реттеу

Мұнай өнімдерінің экспорты мен импортын реттеу Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте және жағдайларда мұнай өнімдерінің экспорты мен импортына арналған акциздердің төлем мөлшерін, кедендік, қорғау, демпингке қарсы және өтемақылық баждарды өзгерту (тағайындау) жолымен жүзеге асырылады.

15-бап. Мұнай өнімдерінің өндірісі және айналымы саласындағы мемлекеттік есеп

1. Мұнай өнімдерінің өндірісі және айналымы саласындағы мемлекеттік есеп мұнай өнімдерінің өндірісі мен айналымының көлемдері туралы деректерді уәкілетті мемлекеттік органға беру және уәкілетті мемлекеттік органның дерекқорын жүргізу негізінде жүзеге асырылады.

2. Мұнай өнімдерінің өндірісін және (немесе) айналымын жүзеге асырушы тұлғалар уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік-құқықтық кесімдеріне сәйкес мұнай өнімдері өндірісінің және (немесе) айналымының көлемдері туралы мәліметтер мен өзге де ақпаратты уәкілетті мемлекеттік органға беруге міндетті.

3. Өзге мемлекеттік органдар дерекқорына Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіп пен шарттарда деректер беруі тиіс.

4-тарау. Өзге де ережелер

16-бап. Бензин мен дизельдік отын өндіру бойынша ш е к т е у л е р

1. Мұнай өнімдерін өндіруге лицензиясы жоқ кәсіпорындарда:

- 1) октандық санын арттыру мақсатында тауарлық бензиндерді компаундирлеуге және тұнбалар мен қоспаларды енгізуге;
- 2) тауарлық бензин алу мақсатында төменгі октандық бензиндік фракцияларды компаундирлеу және оларға тұнбалар мен қоспалар қосуға;
- 3) дизельдік отынға тұнбалар мен қоспалар қосуға тыйым салынады.

2. Қазақстан Республикасының аумағында бензиндік фракцияны, сондай-ақ мемлекеттік стандарттарға және техникалық шарттарға сай келмейтін бензин мен дизельдік отынды сатуға жол берілмейді.

3. Осы баптың 2-тармағында белгіленген шектеулер:

1) мемлекеттік стандарттарға және техникалық шарттарға сай келмейтін бензиндік фракцияны, бензин мен дизельдік отынды экспортқа немесе оларды мұнай өңдеу зауыттарында және оларды меншікті өндірісте пайдаланатын басқа да кәсіпорындарда одан әрі қайта өңдеу үшін сату кезінде;

2) мемлекеттік стандарттарға және техникалық шарттарға сай келмейтін бензиндік фракцияны, бензин мен дизельдік отынды оларды экспортқа немесе мұнай өңдеу кәсіпорындарында және оларды меншікті өндірісте пайдаланатын басқа да кәсіпорындарда одан әрі қайта өңдеу мақсатында мұнай өнімдерін

сақтау қоймаларында орналастыру кезінде таратылмайды.

17-бап. Мұнай өнімдері өндірісінің және айналымының
ережелері мен шарттарын бұзғандық үшін жауапкершілік

Мұнай өнімдерінің өндірісі мен айналымы жөніндегі қызметті жүзеге асырушы тұлғалар осы Заңның ережелерін бұзғандығы үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен белгіленген жауапкершілікте болады.

18-бап. Ауыспалы ережелер

Осы Заң жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК